

Корея Республикасы



Мемлекеттік Елтаңбасы



Мемлекеттік туы







*Корея Республикасының құрамына Жапон және Сары теңіздегі 3000-дай ұсақ аралдар енеді.
Ең ірісі Чеджудо аралы.*





Корей түбегіндегі ең биік нүкте – Пэктусан тау жотасы болып саналады. Оның биіктігі теңіз деңгейінен 2744 метр, Қытай мен Солтүстік Кореяның шекарасында орналасқан. Ал Корея Республикасының территориясындағы ең биік нүкте – Чеджудо аралында орналасқан Халласан (1950 м) сөңген жанартауы болып табылады. Елдің орталығы мен шығысын Шығыс Корей таулары (кор. 태백산맥) алып жатыр.

Діні

Оңтүстік Кореяның негізгі діндері — дәстүрлі **буддизм** және жақында ғана елге енген **христиан діні**. Алайда 500 жыл бойы **Чосон әулетінің** ресми идеологиясы болып есептелген **конфуциандық** ілімі мен корей халқының негізгі діні болған **шаманизм** аталған екі ағымға да өз әсерін тигізді. Оңтүстік Корея үкіметінің **2003 жылы** жиналған статистикалық мәліметтеріне сәйкес халықтың 46 % ешбір дінді ұстанбайды. Христиандықтардың үлесі 29,3 % құрайды (18,3 % — **протестанттар**, 10,9 % — **католиктер**), ал **буддизм** дінін ұстанушылардың үлесі — 22,8 % құрап отыр. Елдегі өзге дін өкілдерінің үлесі 2,5 % құрайды. Олар негізінен **даосизм**, **конфуциандық** және **христиандық** сияқты діндердің кейбір элементтерінен құралған Вонбульгё, Чхондогё сияқты мектептердің шәкірттері.

- **Корея** (– хангүк – таң самалының елі),
- **Корея Республикасы**—Шығыс Азиядағы Корей түбегінде орналасқан мемлекет.
- Жер көлемі — 98,5 мың км², әлемде 109 орында. Халқының саны — 48.87 млн. адам (2010) .
- Ресми тілі — корей тілі.
- Ұлттық құрамы біркелкі , 99 % корейлер,
- Астанасы — Сеул қаласы (10.4 млн.).
- Әкімшілік бөлінісі 9 провинциядан және тікелей орталыққа бағынатын 6 қаладан тұрады. Конституциясы бойынша, елді президент басқарады (2013 жылдан Пак Кын Хё).
- Заң шығарушы органы — Ұлттық жиналыс (299 депутаттан тұрады).
- Ұлттық мерекелері: 15 тамыз — Республика жарияланған күн (1948), 3 қазан — мемлекеттің құрылған күні (Ежелгі Чосон, б.з.б. 108 ж.). Ұлттық ақшасы — уон.

Ел аумағының 70 % аласа таулар алып жатыр.

Сейсмикалық жағдайы тұрақты.

Жазықтар елдің батысы мен орталығында өзендердің сағасында орналасқан.



● Географиялық орнының ерекшелігіне байланысты

Климаты ылғалды шығыс азиялық муссондық
Жауын-шашынның 70% маусым мен
қыркүйекте түседі.

Чеджудо аралында орташа жауын-
шашынның мөлшері 1500 мм-ге жетеді

Қысы
суық,
құрғақ

Негізгі
кәсібі –
күріш егу

Ел аумағында
4000-нан
астам өсімдік
түрі өседі

Өзендерінің
суы мол,
күріш
егістігіне
пайдаланады

*Халқының
тығыздығы
1 км²-ге 490 адамнан
келеді*


*Урбандалу деңгейі 82%.
Ең ірі қаласы Сеул
11,2 млн тұрғыны бар.*

*Халқы
48,9
млн.*

*Ұлттық құрамы
біркелкі
Ел тұрғындарының
99%
корейлер*


*Табиғи өсім 4
промилле
Өмір сүру
ұзақтығы ерлерде
76 жас,
Әйелдерде 82 жас*

Өнеркәсібінің жетекші салалары




*ЖІӨ-нің көлемі бойынша дүниежүзінде
14 орында (800 млрд АҚШ доллар.)
Корея Республикасы әлем экономикасында
“Азия жолбарысы” деген атпен қарқынды
дамуда*

Сыртқы сауда байланыстары *импорт*



Сыртқы сауда байланыстары *экспорт*



Қазақстан

- Қазақстан мен Корея арасындағы дипломатиялық қатынас 1992 жылдың 28 қаңтарында орнаған. Сол жылы Оңтүстік Корея Алматы қаласында өзінің елшілігін ашты, ал 1996 жылы Қазақстан өз елшілігін Сеул қаласында ашты. Содан бері екі елдің арасындағы қарым-қатынас барлық салаларда қарқынды дамып келеді. Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1995 және 2003 жылы екі мәрте ресми іс-сапармен Корея елінде болып қайтты. Оңтүстік Корея президенті Но Му Хён 2004 жылы және 2009 жылы Ли Мён Бак ресми іс-сапармен Қазақстанда болды^[18]. 2008 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан мен Корея арасындағы екіжақты сауда айналымы 750 млн АҚШ долларын құрады, ал 1993 және 2008 жылдар аралығында, яғни 15 жылдың ішінде Кореядан Қазақстанға салынған тікелей инвестиция көлемі 3 млрд. долларды құрады. Қазақстанда 300-ге жуық бірлескен қазақ-корей кәсіпорындары жұмыс істейді.





Қазақстанда 300-ден астам бірлескен қазақ-корей кәсіпорындары жұмыс жасайды



Елімізде 100 000-нан астам корейлер тұрады